

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бұқаралық ақпарат құралдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 1 маусымдағы N 494 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бұқаралық ақпарат құралдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бұқаралық ақпарат құралдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19-құжат; N 9, 26-құжат; N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат; N 17-18, 72-құжат; N 21-22, 86, 87-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 2, 20-құжат; N 3, 22-құжат; N 5-6, 31-құжат; 2006 жылғы 17 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 13 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудиторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 5 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

342-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"342 бап. Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңдарын бұзу

1. Бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін, сондай-ақ ақпарат агенттігінің хабарлары мен материалдарын есепке қоймай не олардың шығарылуын (эфирге шығуын) тоқтата тұру, тоқтату немесе есепке қою туралы куәліктің күші жойылды деп тану туралы шешім шыққаннан кейін тарату -

бұқаралық ақпарат құралдарының өнімі тәркілене отырып, лауазымды тұлғаларға бестен онға дейінгі, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелеріне, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілер болып табылатын, заңды тұлғаларға - оннан елуге дейінгі, ірі кәсіпкерлік субъектілер болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден үш жүзге дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Мемлекеттік тілдегі хабарларды уақыты жағынан телерадио-хабарлар арналарында басқа тілдердегі хабарлардың жиынтық көлемінен аз тарату -

баспа немесе өзге де өнімі тәркілене отырып және бұқаралық ақпарат құралдарының шығарылуын (эфирге шығуын) үш айға дейінгі мерзімге тоқтата отырып лауазымды тұлғаларға бестен онға дейінгі, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелеріне, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілер болып табылатын заңды тұлғаларға - оннан елуге дейінгі, ірі кәсіпкерлік субъектілер болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден үш жүзге дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер -

телевизия және (немесе) радио хабарларын таратуды ұйымдастыру жөніндегі қызметке берілген лицензиядан айыра отырып және бұқаралық ақпарат құралдарының шығарылуын (эфирге шығуын) тоқтата отырып лауазымды адамдарға - жиырмадан елуге дейінгі, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелеріне, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілер болып табылатын заңды тұлғаларға жүз елуден екі жүз елуге дейінгі, ірі кәсіпкерлік субъектілер болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүзден бір мыңға дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Меншік иесі не оның ұйымдық-құқықтық нысаны, атауы, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралының атауы ауысқан, басылымның не хабарлардың тілі, таралу аумағы, негізгі тақырыптық бағыты, бас редакторы (редакторы), редакцияның мекен-жайы, шығарылымның мерзімділігі өзгерген жағдайларда қайта есепке қоймай бұқаралық ақпарат құралының өнімін, сондай-ақ ақпарат агенттігінің хабарлары мен материалдарын өндіру, дайындау (тираждау басу) және (немесе) тарату -

бұқаралық ақпарат құралдарының шығарылуын (эфирге шығуын) үш айға дейінгі мерзімге тоқтата отырып, лауазымды тұлғаларға жиырмадан қырыққа дейінгі, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелеріне, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілер болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден екі жүзге дейінгі, ірі кәсіпкерлік субъектілер болып табылатын заңды тұлғаларға сегіз жүзден бір мыңға дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер - бұқаралық ақпарат құралының шығарылуын (эфирге шығуын) тоқтатуға әкеп с о ғ а д ы . "

2. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж., N 6, 73, 75-құжаттар; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 133, 139-құжаттар; N 21-22, 160-құжат; N 24, 178-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат; N 14, 82-құжат; N 20, 116-құжат; N 23, 140, 142-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; N 21-22, 86, 87-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 4, 5-құжаттар; N 3, 22-құжат; 2006 жылғы 17 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 13 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудиторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 5 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 61-бап мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Бұқаралық ақпарат құралын есепке қойғаны, қайта есепке қойғаны үшін алым."

2) мынадай мазмұндағы 76-1-тараумен толықтырылсын:

"76-1-тарау. Бұқаралық ақпарат құралын есепке қойғаны, қайта есепке қойғаны үшін алым

425-1-бап. Жалпы ережелер

1. Бұқаралық ақпарат құралын есепке қойғаны, қайта есепке қойғаны үшін алым (бұдан әрі - алым) бұқаралық ақпарат құралын есепке қойған, қайта есепке қойған кезде, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралын есепке қоюды, қайта есепке қоюды растайтын құжаттың телқұжатын алған кезде төленеді.

2. Есепке қоюды, қайта есепке қоюды Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен және жағдайларда бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) жүзеге асырады.

425-2-бап. Алымды төлеушілер

Қазақстан Республикасының заңнамалық актісіне сәйкес есепке қоюға, қайта есепке қоюға жататын бұқаралық ақпарат құралдарын құрушы жеке немесе заңды тұлғалар алым төлеушілер болып табылады.

425-3-бап. Алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі

1. Алым сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ставкалар бойынша есептеледі және тиісті құжаттарды уәкілетті органға бергенге дейін төленеді.

2. Алым сомасы төлеушінің тіркеу есебіне қойылған жері бойынша бюджетке енгізіледі.

3. Алымды төлеген тұлғалар тиісті құжаттарды уәкілетті органға бергенге дейін бұқаралық ақпарат құралын есепке қоюдан, қайта есепке қоюдан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, алымның төленген сомаларын қайтару жүргізілмейді.

Бұл ретте қайтару төлеуші уәкілетті орган берген, көрсетілген тұлғаның бұқаралық ақпарат құралын есепке қоюды, қайта есепке қоюды жүзеге асыруға арналған құжаттарды бермегенін растайтын құжатты ұсынғаннан кейін жүргізіледі."

3. 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 8-9, 53-құжат; N 20, 116-құжат; N 23, 140, 142-құжаттар; 2005 ж., N 14, 55-құжат; N 21-22, 87-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат; 2006 жылғы 17 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 13 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудиторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 5 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

46-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1) бұқаралық ақпарат құралын есепке қойғаны, қайта есепке қойғаны үшін алым ;
"

4. "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 жыл, N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 146, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжаттар; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 ж., N 10, 248-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52, 54-құжаттар; N 13-14, 173, 176-құжаттар; N 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 15, 151-құжат; N 19-20, 165-құжат, 2003 ж., N 1-2, 2-құжат; N 4, 25-құжат; N 6, 34-құжат; N 10, 50, 51-құжаттар; N 11, 69-құжат; N 14, 107-құжат; N 15, 124, 128, 139-құжаттар; 2004 ж., N 2, 9-құжат; N 5, 27-құжат; N 10, 54-құжат; N 14, 82-құжат; N 15, 86-құжат; N 16, 91-құжат; N 17, 98-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; N 11, 37-құжат; N 14, 55, 58-құжаттар; 2005 ж., N 23, 104-құжат; 2006 жылғы 17 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 13 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудиторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 5 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

10-бап мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

"12) баспаханалық (полиграфиялық) қызметтер көрсету."

5. "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан

Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 21, 771-құжат; 2001 ж., N 10, 122-құжат; 2003 ж., N 24, 175-құжат; 2005 ж., N 13, 53-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат):

1) 1 - б а п т а :

3) тармақшада "жарты жылда" деген сөздер "үш айда" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшада "жылына" деген сөз "жарты жылда" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 7-баптың 2-1-тармағы мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) кінәсінен бұқаралық ақпарат құралының шығарылуы, эфирге шығуы сот шешімімен тоқтатылған бұқаралық ақпарат құралдарының бас редакторы (редакторы) болып табылған азаматтар."

3) 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою, қайта есепке қою

1. Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын WEB-сайттардан басқа, бұқаралық ақпарат құралдары меншік нысанына қарамастан міндетті түрде есепке қойылуға тиіс.

2. Есепке қою, қайта есепке қою үшін бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі не оның уәкілдік беруі бойынша әрекет ететін адам осы Заңның 11-бабының талаптарына сәйкес арыз береді.

3. Бұқаралық ақпарат құралын есепке қойған, қайта есепке қойған кезде сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралын есепке қою, қайта есепке қоюды куәландыратын құжаттың телқұжатын алған кезде Қазақстан Республикасының Салық кодексінде айқындалатын тәртіппен алым алынады.

Бұл ретте басылымның не хабарлардың тілі, таралу аумағы, бас редакторы (редакторы), редакцияның мекен-жайы және шығарылу кезеңі өзгерген жағдайда бұқаралық ақпарат құралын қайта есепке қойғаны үшін алым алынбайды.

4. Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою, қайта есепке қою жөніндегі арыз ол түскен күннен бастап он бес күн ішінде қаралуға тиіс. Арызды қараудың қорытындылары бойынша уәкілетті орган бұқаралық ақпарат құралының меншік иесіне есепке қою туралы куәлік береді не төмендегі негіздер бойынша:

1) егер уәкілетті орган бұқаралық ақпарат құралын бұрын сол атымен және сол аумаққа таралуымен немесе бұрын құрылған бұқаралық ақпарат құралының атаумен араласып кеткен дәрежеге дейін есепке қойғаны туралы куәлік берген болса;

2) егер арыздың мазмұны осы Заңның 11-бабының талаптарына сәйкес келмейтін болса;

3) егер арыз бұқаралық ақпарат құралын шығаруды (эфирге шығаруды) тоқтату туралы сот шешімінің заңды күшіне енгеніне бір жыл толмай тұрып берілсе, одан бастартылады;

4) егер бұқаралық ақпарат құралын есепке қойғаны, қайта есепке қойғаны үшін
а л ы м т ө л е н б е с е ;

5) егер бұқаралық ақпарат құралын қайта есепке қою туралы өтінішке меншік иесі өзгергені себепті нотариалды куәландырылған бұқаралық ақпарат құралына меншік құқығын басқа тұлғаға беруді растайтын шарт қоса берілмесе;

6) егер есепке қоюға бұрын сот шығаруды, эфирге шығаруды тоқтатқан бұқаралық ақпарат құралының атауымен (атауының бөлігімен) және тақырыптық бағытымен немесе атауын және тақырыптық бағытын қайталайтын, сондай-ақ бұрын сот тыйым салған бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі немесе бас редакторы (редакторы) бұқаралық ақпарат құралы арыз берсе бас тартады.

5. Мерзімді баспасөз басылымының меншік иесі есепке қою туралы куәлік алған күннен бастап үш ай ішінде бұқаралық ақпарат құралы өнімін шығаруға кірісуге өзінің
қ ұ қ ы ғ ы н с а қ т а й д ы .

Теле-, радио-, бейне-, кинохроникалық бағдарламалардың, ақпарат агенттіктерінің меншік иесі есепке қою туралы куәлік алған күннен бастап алты ай ішінде бұқаралық ақпарат құралы өнімін шығаруға, ақпараттық сипаттағы хабарлар мен материалдарды таратуға кірісуге өзінің құқығын сақтайды.

Бұқаралық ақпарат құралының өнімін шығару мерзімі өтіп кеткен, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралын шығару, эфирге шығару сотпен тоқтатыла тұрған жағдайды қоспағанда бұқаралық ақпарат құралы үш айға тоқтатылған жағдайда, уәкілетті органның шешімімен бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы куәліктің күші жойылды деп танылады.

6. Меншік иесі немесе оның ұйымдық-құқықтық нысаны, атауы, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралының атауы, басылымның не хабарлардың тілі, таралу аумағы, негізгі тақырыптық бағыты, бас редакторы (редакторы), редакцияның мекен-жайы және шығарылу кезеңі өзгерген жағдайларда бұқаралық ақпарат құралы қайта есепке
қ о й ы л у ғ а т и і с . " ;

4) 1 1 - б а п т а :

1-тармақтың 5) тармақшасындағы "тиіс деген сөз алып тасталып, мынадай мазмұндағы 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

"6) бас редактордың (редактордың) аты-жөні;

7) редакцияның мекен-жайы көрсетілуге тиіс.";

е к і н ш і б ө л і г і н д е :

бірінші абзацта "құқығын растайтын" деген сөздерден кейін "нотариалды куәландырылған" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"заңды тұлғалар үшін - заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі туралы нотариалды куәландырылған куәлік, құрылтай құжаттары;"

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"бұқаралық ақпарат құралын есепке қою, қайта есепке қою туралы бюджетке алым төленгенін растайтын құжат қоса тіркеледі."

2-бап. Осы Заң, 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы Заңның 1-бабының 2, 3-тармақтарын, 5-тармақтың 3) тармақшасының он бірінші абзацын және 4) тармақшасының он бірінші абзацын қоспағанда, ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК